

Кейбір бұйрықтарға өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2024 жылғы 17 маусымдағы № 123 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 20 маусымда № 34530 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі бекітілсін.

2. Заң қызметі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Экология және табиғи ресурстар министрі*

Е. Нысанбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Еңбек және халықты әлеуметтік

қорғау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар және

аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Стратегиялық жоспарлау және

реформалар агенттігі

Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасының

Экология және табиғи

ресурстар министрі

2024 жылғы 17 маусымдағы

№ 123 бұйрығымен

бекітілген

Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Отырғызылатын материалды және арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру үшін мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 19 мамырда № 18-1/451 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11589 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 13-бабы 1-тармағының 18-26) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019

жылғы 5 шілдедегі № 479 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 194) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Отырғызылатын материалды және арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру үшін мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалану қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Отырғызылатын материал және арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру үшін мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалану қағидалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 5 шілдедегі № 479 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 194) тармақшасына сәйкес әзірленді және отырғызылатын материалды және арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру үшін мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалану тәртібін айқындайды.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Орман пайдаланушы мемлекеттік орман қоры учаскелерін отырғызылатын материалды және арнайы мақсаттағы плантациялық екпелерді өсіру үшін пайдалану кезінде Орман кодексінің 63-бабы 2-тармағымен бекітілетін ормандарда өрт қауіпсіздігі қағидаларының, Орман кодексінің 67-бабы 3-тармағымен бекітілетін санитариялық қағидалардың және Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 261-бабына сәйкес экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді.".

2. "Мемлекеттік орман қорында орман шаруашылығын жүргізуге және орман пайдалануға байланысты емес жұмыстарды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2020 жылғы 31 наурыздағы № 85 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20327 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 13-бабы 1-тармағының 18-51) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 5 шілдедегі № 479 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 203) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік орман қорында орман шаруашылығын жүргізуге және орман пайдалануға байланысты емес жұмыстарды жүргізу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Мемлекеттік орман қорында орман шаруашылығын жүргізуге және орман пайдалануға байланысты емес жұмыстарды жүргізу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 5 шілдедегі № 479 қаулысымен

бекітілген Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 203) тармақшасына сәйкес әзірленді және мемлекеттік орман қорында орман шаруашылығын жүргізуге және орман пайдалануға байланысты емес жұмыстарды жүргізу тәртібін айқындайды."

3. "Сапаның экологиялық нормативтерін әзірлеу және қайта қарау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 27 шілдедегі № 270 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23830 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Сапаның экологиялық нормативтерін әзірлеу және қайта қарау қағидаларында:

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Адам денсаулығына қатысты атмосфералық ауадағы ластағыш заттар құрамының шекті жол берілетін концентрациясы "Қалалық және ауылдық елді мекендердегі, өнеркәсіптік ұйымдар аумақтарындағы атмосфералық ауаның гигиеналық нормативтерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 2 тамыздағы № ҚР ДСМ-70 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29011 болып тіркелген), Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері, халықаралық зерттеулердің деректері, ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері негізінде айқындалады.";

43-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"43. Ауызсумен, шаруашылық-ауызсумен жабдықтау және (немесе) мәдени-тұрмыстық су пайдалану мақсатында пайдаланылатын жерүсті су объектілері немесе олардың бөліктері (су жинау орындарының) суы сапасының экологиялық нормативтері "Ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық суды пайдалану қауіпсіздігі көрсеткіштерінің гигиеналық нормативтерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № ҚР ДСМ-138 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30713 болып тіркелген) айқындалған тәртіппен бекітілетін гигиеналық нормативтер деңгейінде химиялық және биологиялық (микробиологиялық) көрсеткіштер бойынша белгіленеді.";

47-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"47. Ауызсумен және (немесе) шаруашылық-ауызсумен жабдықтау көздері ретінде пайдаланылатын немесе көрсетілген мақсаттар үшін жарамдылығы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындылар негізінде айқындалған жерасты су объектілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Су Кодексіне сәйкес ауызсумен жабдықтаудың резервтік көздері ретінде айқындалған жерасты су объектілері суы сапасының экологиялық нормативтері "Ауыз су және шаруашылық-тұрмыстық суды пайдалану қауіпсіздігі көрсеткіштерінің гигиеналық нормативтерін бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № ҚР ДСМ-138 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30713 болып тіркелген) айқындалған тәртіппен әзірленетін және бекітілетін тиісті гигиеналық нормативтер деңгейінде белгіленеді.";

51-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"51. Топырақ – әлсіз динамикалық, көп факторлы жүйе, су мен ауадан теориялық және практикалық зерттеулерден кейін стандартталатын әртүрлі түрлердің, типтердің және кіші түрлердің болуымен ерекшеленеді. Топырақтағы химиялық заттардың құрамы "Тіршілік ету ортасының қауіпсіздігіне арналған гигиеналық нормативтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 21 сәуірдегі № ҚР ДСМ-32 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22595 болып тіркелген), қауіпті бағалауға сәйкес нормаланады."

4. "Аумақтардың экологиялық ахуалын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 13 тамыздағы № 327 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23994 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Экология кодексі 406-бабының 4-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 5 шілдедегі № 479 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 69) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Аумақтардың экологиялық ахуалын бағалау өлшемшарттарында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Аумақтардың экологиялық ахуалын бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасының Экология кодексі 406-бабының 4-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 5 шілдедегі № 479 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 69) тармақшасына сәйкес әзірленді.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Ластанған аумақта тұратын адамның радиоэкологиялық қауіпсіздігінің дәрежесін сипаттайтын негізгі өлшемшарт – иондаушы сәулелердің техногендік көздерінен шығатын тиімді дозаның орташа жылдық мәні. Табиғи және медициналық сәулелер дозаларына, сондай-ақ радиациялық авариялар салдары дозаларына арнайы шектеулер қойылады.

Аумақтың радиациялық ластануын бағалау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 2 тамыздағы № ҚР ДСМ-71 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29012 болып

тіркелген) Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын гигиеналық нормативтеріне 16-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады."

5. "Көміртегі офсетін мақұлдау және офсеттік бірліктер беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 5 қарашадағы № 455 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 25074 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Экология кодексінің 298-бабының 4-тармағына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасымен және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 5 шілдедегі № 479 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 92) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Көміртегі офсетін мақұлдау және офсеттік бірліктер беру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Көміртегі офсетін мақұлдау және офсеттік бірліктер беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 5 шілдедегі № 479 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 92) тармақшасына сәйкес әзірленді және көміртегі офсетін қарау, мақұлдау және есепке алу, сондай-ақ офсеттік бірліктерді беру тәртібін айқындайды;"

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Жобалық құжаттама және жоба мониторингінің жоспары Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 9 бұйрығымен бекітілген "Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін есептеу жөніндегі әдістемелерді бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31735 болып тіркелген) немесе "Париж келісімін ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және "Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына Киото хаттамасын ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес халықаралық әдістемелер негізінде әзірленеді;"

28-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) өтініш беруші ұсынған құжаттар Қазақстан Республикасы Экология кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) және (немесе) осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмейді не анық емес мәліметтерді қамтиды;"

көрсетілген Қағидаларға 5-қосымша өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың осы Тізбесіне қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

6. "Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулері саласындағы мемлекеттік реттеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 28 наурыздағы № 91 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27301 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 284-бабының 3-тармағына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 5 шілдедегі № 479 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 61) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулері саласындағы мемлекеттік реттеу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулері саласындағы мемлекеттік реттеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 5 шілдедегі № 479 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 339) тармақшасына әзірленді және парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулері саласындағы мемлекеттік реттеу тәртібін айқындайды.";

2-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) көміртегі квотасы – осы Қазақстан Республикасы Экология кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 290-бабының 4-тармағына сәйкес көміртегі квотасының Ұлттық жоспарының қолданылу кезеңіне квоталанатын қондырғы үшін белгіленген және көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімінде квоталанатын қондырғы операторының тиісті шотына есепке алынған парниктік газдар шығарындыларының сандық көлемі;"

40-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"40. Тізбеде тиісті бенчмарктер болмаған кезде квоталау субъектісі уәкілетті органға жаңа қондырғы үшін квотаны бөлу үшін парниктік газдар шығарындыларының болжамды көлемін береді. Шығарындылар болжамы жаңа қондырғының жобалық құжаттарында расталған қондырғының қызметі туралы деректерге негізделген және Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 17 қаңтардағы № 9 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31735 болып тіркелген) парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін есептеу жөніндегі әдістемелерде (бұдан әрі – парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін есептеу жөніндегі әдістемелер) көрсетілген формулаларды қолдану арқылы есептелген.".

енгізілетін кейбір
бұйрықтардың тізбесіне
қосымша
Көміртекті офсетті мақұлдау
және офсеттік бірліктерді
ұсыну қағидаларына
5-қосымшасы

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға ұсынылады.

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Әкімшілік деректер нысаны интернет-ресурста орналастырылған:
www.ecogeo.gov.kz.

Көміртекті офсетті іске асыру туралы есеп

Есепті кезең: 20__ жыл.

Әкімшілік деректер нысанының индексі: (1-ОРУО).

Кезеңділігі: офсеттік бірліктерге қажеттілік болған кезде.

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: көміртекті офсет жобасын уәкілетті органның қарауына және мақұлдауына ұсынатын жеке тұлға, заңды тұлға немесе заңды тұлғалар тобы, жобаның өтініш берушісі.

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімін: жобаның өтініш берушісі дербес белгілейді.

№	Атауы	Ақпарат
1.	Жобаның өтініш берушісі туралы деректер	
2.	Жобаның атауы мен түрін, оның ауқымы мен шекарасын, өткізілетін орнын, офсеттік бірліктерді шығару кезеңінің ұзақтығын және жоба бойынша орындалатын жұмыстардың түрлерін қоса алғанда, жобаның қысқаша сипаттамасы	
3.	Есепті кезеңді көрсету	
4.	Жоба шеңберінде мониторинг жүргізілетін парниктік газдар шығарындылары және (немесе) сіңірулері туралы, есепті кезеңдегі көміртегі диоксиді тоннасының эквивалентіндегі олардың жалпы көлемін көрсете отырып деректер	
5.	Есепті кезеңде жобаны іске асыру нәтижесінде парниктік газдар шығарындыларының қол жеткізілген азаюы және (немесе) парниктік газдар сіңірілуінің ұлғаюы туралы деректер	
	Парниктік газдар шығарындыларын азайтудың және	

6.	(немесе) парниктік газдар сіңірулерін ұлғайтудың мәлімделген верификациясы туралы мәліметтер	
7.	Жобаның негізгі сценарийінің сипаттамасы	
8.	Жобаны іске асыру кезінде мақұлданған жобалық құжаттамадан және мониторинг жоспарынан кез келген елеулі ауытқулар туралы ақпарат	
9.	Парниктік газдар шығарындыларын азайтуды және (немесе) олардың сіңірілуін ұлғайтуды есептеу үшін негіз ретінде пайдаланылған критерийлерді, рәсімдерді және құжаттарды сипаттау	
10.	Жобаға өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы	
11.	Аккредиттелген органның көміртегі офсетін өткізу туралы есепті верификациялауды растауы:	
11.1	Верификацияны жүзеге асыратын аккредиттелген органның толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі	
11.2	Аккредиттеу туралы аттестаттың нөмірі мен мерзімі немесе аккредиттеу туралы куәліктің күні, сериясы, нөмірі	
11.3	Аккредиттелген органның заңды мекенжайы	
11.4	Телефон	
11.5	Электрондық пошта	
11.6	Верификацияға жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	
12.	Парниктік газдар шығарындыларының және (немесе) сіңірулерінің мынадай көлемде азаюын растау:	
12.1	көміртегі диоксиді, тонна	
12.2	көміртегі диоксиді эквивалентіндегі парниктік газдардың жалпы шығарындылары, тонна	
12.3	аккредиттелген орган басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы	

Жобаның өтініш берушісі _____

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

КОЛЫ _____

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсініктеме
Көміртекті офсетті іске асыру туралы есеп (индекс – 1-ОРУО), кезеңділігі: офсеттік бірліктерге қажеттілік болған кезде.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Көміртекті офсетті іске асыру туралы есепті ұсынатын жеке, заңды тұлғалар немесе заңды тұлғалар тобы әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша осы түсініктеме.

2. Жобаларды өтінім берушілер есепті кезеңде жобаны іске асыру нәтижесінде парниктік газдар шығарындылары мен шығарындыларының қол жеткізілген қысқаруы және (немесе) парниктік газдар сіңірілуінің ұлғаюы туралы деректерді ұсынады.

3. Парниктік газдар шығарындыларының және (немесе) сіңірілуінің азаюын растайтын көрсеткіштер бір тонна көмірқышқыл газының баламасында толтырылады

4. Есепке жобаның өтініш берушісі қол қояды. Есеп қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға электрондық форматта ұсынылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсініктеме

5. 1-бағанда жобаның өтініш берушісі туралы деректер көрсетіледі.

6. 2-бағанда жобаның атауы мен түрін, оның ауқымы мен шекарасын, өткізілетін орнын, офсеттік бірліктерді шығару кезеңінің ұзақтығын және жоба бойынша орындалатын жұмыстардың түрлерін қоса алғанда, жобаның қысқаша сипаттамасы көрсетіледі.

7. 3-бағанда көміртекті офсетті өткізудің есепті кезеңі көрсетіледі.

8. 4-бағанда жоба шеңберінде мониторинг жүргізілетін парниктік газдар шығарындылары және (немесе) парниктік газдарды сіңіру туралы деректер көрсетіледі, олардың есепті кезеңдегі жалпы көлемі бір тонна көмірқышқыл газының баламасында көрсетіледі.

9. 5-бағанда есепті кезеңде жобаны іске асыру нәтижесінде парниктік газдар шығарындыларының қол жеткізілген қысқаруы және (немесе) парниктік газдар сіңірілуінің ұлғаюы туралы деректер көрсетіледі.

10. 6-бағанда парниктік газдар шығарындыларының мәлімделген қысқартуларын верификациялау және (немесе) парниктік газдар сіңірілуінің ұлғаюы туралы мәліметтер көрсетіледі.

11. 7-бағанда жобаның негізгі сценарийі сипатталған.

12. 8-бағанда жобаны іске асыру кезінде мақұлданған жобалық құжаттамадан және мониторинг жоспарынан кез келген елеулі ауытқулар туралы ақпарат көрсетіледі.

13. 9-бағанда парниктік газдар шығарындыларын азайтуды және (немесе) олардың сіңуін ұлғайтуды есептеу үшін негіз ретінде пайдаланылған критерийлер, рәсімдер мен құжаттар көрсетіледі.

14. 10-бағанда жоба өтініш берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы көрсетіледі.

15. 11-бағанда аккредиттелген органның көміртегі офсетін өткізу туралы есепті верификациялағанын растайтын ақпарат көрсетіледі:

верификацияны жүзеге асыратын аккредиттелген органның толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі

аккредиттеу туралы аттестаттың нөмірі мен мерзімі немесе аккредиттеу туралы куәліктің күні, сериясы, нөмірі

аккредиттелген органның заңды мекенжайы

телефон

электрондық пошта

тексеруге жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).

16. 12-бағанда парниктік газдар шығарындыларының және (немесе) сіңірілуінің төмендегенін растайтын ақпарат мынадай көлемде көрсетіледі:

көмірқышқыл газы, тонна

көмірқышқыл газының эквивалентіндегі парниктік газдардың жалпы шығарындылары, тонна

аккредиттелген орган басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы.